

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

2023 ж. 30 10 2023

Алғашқы тіркелген күні 17 11

ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ

произведена государственная регистрация
юридического лица 30 10 2023

Дата перинформ. регистрации 17 11 2023
БСНБИН 051190004354



"Халық-Life" АҚ жалғыз
акционерінің шешімімен
бекітілген

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
«26» желтоқсан 2022 ж. № 56
Директорлар кеңесінің сырттай
отырысының хаттамасы)

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН

2023 ж. 28 10 2023

ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ

ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ

ПРИКАЗ № 19 01 2023

«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-
Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы,
2022 жыл

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

Осы жарғы (бұдан әрі – Жарғы) Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» (бұдан әрі – АҚ туралы Заң), Сақтандыру қызметі» (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы Заң), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» (бұдан әрі – БҚР туралы Заң) заңдарына сәйкес әзірленді және «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық мәртебесін айқындайды.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Қоғамның атауы

1. Қоғамның толық атауы:

1) Қазақ тілінде:

"Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша "Халық-Life" еншілес компаниясы" акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде:

акционерное общество "Дочерняя компания Народного Банка Казахстана по страхованию жизни "Халык-Life";

3) ағылшын тілінде:

Joint Stock Company "Halyk-Life" life insurance subsidiary company of Halyk Bank of Kazakhstan".

2. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) қазақ тілінде: "Халық-Life" АҚ;

2) орыс тілінде: АО "Халык-Life";

3) ағылшын тілінде: JSC "Halyk-Life".

2-бап. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

Қоғамның атқарушы органының (бұдан әрі – Басқарма) орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, А05А1В9, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абай даңғылы, 109В.

3-бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі

1. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Қоғамның ішкі құжаттарын, сондай-ақ Қоғам органдары мен лауазымды адамдарының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдерін басшылыққа алады.
2. Қоғамның құқықтық мәртебесі заңды тұлғаның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретінде мемлекеттік тіркелуімен және лицензиясының болуымен айқындалады.
3. Қоғам заңды тұлға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанындағы ұйымдық-құқықтық коммерциялық ұйым болып табылады.
4. Қоғамның меншік құқығында оқшауланған мүлкі бар және өз міндеттемелері бойынша осы мүлікпен жауап береді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес

құқықтар мен міндеттерді иеленіп, жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады. Қоғамның дербес балансы бар.

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы. Қоғамның еншілес ұйымдар құруға және (немесе) оларды иеленуіне құқығы жоқ.

4-бап. Қоғам қызметінің түрлері

1. Қоғам қызметінің мақсаты – заңды қызметтерді жүзеге асыру нәтижесінде табыс алу.
2. Қоғам сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) лицензиясы болған кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асырады.
3. Қоғам сақтандыру қызметінен басқа, сақтандыру қызметі туралы заң нормаларын ескере отырып, басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.
4. Егер қызметтің кез келген түрін жүзеге асыру үшін рұқсат (лицензия) қажет болса, Қоғам осы қызмет түрін белгіленген тәртіппен және оған сәйкес тиісті рұқсатты (лицензияны) алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

5-бап. Қоғамның жауапкершілігі мен оның жалғыз акционері

1. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.
2. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің (бұдан әрі – Жалғыз акционер) міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
3. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

6-бап. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) шешімі бойынша Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлға болып табылмайды және Қоғамның атынан Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген ережелер негізінде әрекет етеді.
2. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары оларға Қоғам берген сенімхаттардың негізінде әрекет етеді.

2-бөлім. Қоғамның мүлкі мен капиталы

7-бап. Қоғамның мүлкі

Қоғамның мүлкі төмендегілер есебінен құралады:

- 1) акцияларды орналастыру кезіндегі төлемдерден;
- 2) қызмет нәтижесінде алынған кірістерден;

- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де негіздер бойынша сатып алынған басқа мүліктерден.

8-бап. Қоғамның Жарғы капиталы

1. Жарғы капиталы Қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін қалыптасады және акцияларды орналастыру кезінде ақы төлеу арқылы қалыптасады.
2. Қоғамның жарғылық капиталының ең аз мөлшеріне қойылатын талап Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді..
3. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

9-бап. Таза кірісті бөлу тәртібі

Қоғамның таза табысы (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін белгілі бір уақытта қалыптасқан) Жалғыз акционердің шешімі бойынша дивидендтер төлеуге бағытталады, сонымен қатар Жалғыз акционердің шешімімен Қоғамның дамуына немесе көзделген өзге де мақсаттарға бағытталуы мүмкін.

10-бап. Қоғам акциялары мен Қоғам акциялары бойынша дивидендтер

1. Қоғам жай акцияларды шығарады.
2. Жай акция Жалғыз акционерге Қоғамның таза кірісі болған жағдайда дивидендтер алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған кезде Қоғам мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.
3. Қоғамның тиісті кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті жүргізілгеннен кейін және Жалғыз акционердің шешімі бойынша тоқсандық, жарты жылдық немесе бір жылдық нәтижелері бойынша дивидендтер төлеуге құқы бар. Жалғыз акционердің жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері көрсетіледі.
4. Жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тәртібі мен мерзімдерін АҚ туралы заңда белгіленген талаптар мен шектеулерді ескере отырып, Жалғыз акционер айқындайды.
6. Жалғыз акционердің Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімі АҚ туралы заңда көзделген мәліметтерді қамтуға тиіс.
7. Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің түпкілікті мөлшерін Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Жалғыз акционер айқындайды.
8. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер есептеуге және төлеуге жол берілмейді.

11-бап. Қоғамның өзге де бағалы қағаздары

1. Қосымша қаражат тарту үшін Қоғам Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің шешімі негізінде облигациялар шығаруға құқылы.
2. Облигацияларды шығару шарттарын Директорлар кеңесі айқындайды.

3-бөлім. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттемелері

1. Жалғыз акционердің құқығы бар:

- 1) АҚ туралы заңда және (немесе) Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, оның ішінде Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға, бірақ оларға мына ақпараттар кірмейді:

талаптар қойылған күнгі депозитарийдің интернет-ресурсында жарияланған қаржылық есептілік;

соңғы үш жыл ішінде қайталап сұралған ақпараттар (акционер бұрын сұраған ақпарат толық көлемде берілген жағдайда);

акционер талап еткен күні жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (акционер өтініш берген күнге дейін үш жылдан астам) қатысты ақпараттар.

- 4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
- 6) АҚ туралы заңнамада көзделген жағдайларда Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірген залалдарын Қоғамға өтеуін және Қоғамның және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасауға мүдделі мәмілелерді жасасу (жасауды ұсыну) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (кірістерін) Қоғамға қайтарылуын талап ете отырып, сот органдарына өз атынан жүгінуге құқылы.
- 5) Қоғамға оның қызметі туралы ақпарат алу үшін жазбаша сұраулар жасауға және сұрау салу Қоғамға түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауаптарды алуға;
- 8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алуға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын немесе акцияларға айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарын АҚ туралы заңда белгіленген тәртіппен артықшылықпен сатып алуға;

- 10) АҚ туралы заңда белгіленген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауға;
 - 11) Қоғам органдары Қазақстан Республикасы заңнамасының және Жарғының нормаларын бұзатын әрекеттерге немесе әрекетсіздікке жол берген жағдайда өзінің құқықтары мен заңды мүддесін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;
 - 12) Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың жеке мүшесінің бір жылдағы сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты мынадай шарттар бір мезгілде туындаған жағдайда алуға:
Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың осы мүшесінің оның (олардың) немесе оның аффилиирленген тұлғаларының пайда (кіріс) алу мақсатында Жалғыз акционерді қасақана жаңылыстыру фактісі сотпен анықталған жағдайлар;
Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғамға залал келтіргені дәлелденген жағдайлар;
 - 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның акцияларымен мәмілелер жасауға;
 - 14) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 15) аудиторлық ұйымнан өз қаражаты есебінен Қоғамға аудит жүргізуді талап етуге.
2. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына қайшы келмейтін өзге де құқықтары бар.

13-бап. Жалғыз акционердің міндеттері

Жалғыз акционер міндетті:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) он жұмыс күні ішінде орталық депозитарийге және (немесе) Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысына Қоғам акционерлерінің тізілімдері жүйесін жүргізу үшін қажетті ақпараттың өзгергені туралы хабарлауға;
- 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;
- 4) Қоғамға аффилиирленген тұлғалар туралы ақпаратты Қоғаммен үлестес болу басталған күннен бастап жеті күн ішінде беруге;
- 5) АҚ туралы заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

4-бөлім. Қоғам органы

14-бап. Қоғам органы

1. Қоғам органдары мыналар болып табылады:
 - 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
 - 2) басқарушы орган – Директорлар Кеңесі;
 - 3) атқарушы орган – Басқарма;
 - 4) бақылаушы орган – ішкі аудит қызметі.
2. Қоғамда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де органдар құрылуы мүмкін.

15-бап. Жалғыз акционер

1. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне келесі мәселелер кіреді:
 - 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
 - 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін айқындау;
 - 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастау шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
 - 8) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ өз міндеттерін орындау үшін басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 9) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 10) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - 11) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

- 14) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысу туралы немесе Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызы сөмасындағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен басқа заңды тұлғалардың мүшелігінен (акционерлерінен) шығу туралы шешім қабылдау;
 - 15) АҚ туралы заңнамаға, сондай-ақ оған жасалған өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес Қоғаммен ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;
 - 16) Қоғаммен оның активтерінің жалпы баланстық құнының елу және одан да көп пайызын сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынатын немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәміле жасасу туралы шешімді қабылдау күнгі нәтижесінде құны жалпы баланстық құнның елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынатын немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;
 - 17) Артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай қоғамның акцияларын немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын орналастыру (іске асыру) тәртібін айқындау, сондай-ақ қоғамның осындай акциялары мен бағалы қағаздарының жалпы санын және орналастыру (іске асыру) мерзімдерін айқындау;
 - 18) акцияларды бөлу туралы шешім қабылдау, мұндай бөлудің шарттарын, талаптарын және тәртібін айқындау;
 - 19) өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигацияларды шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;
 - 20) АҚ туралы заңмен шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
2. Шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше жағдайлар көзделмеген болса, Қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің құзыретіне берілмейді.
 3. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.
 4. Жалғыз акционердің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

16-бап. Директорлар кеңесінің құрамы

1. Қоғамның Директорлар кеңесі, АҚ туралы заңмен және (немесе) Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционердің айрықша құзыреті құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы болып табылады.
2. Директорлар кеңесінің мүшесі болып тек жеке тұлға сайлана алады. Директорлар кеңесінің мүшесі Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (берілген) адамдар және (немесе) Директорлар кеңесінің мүшесіне Жалғыз акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылмаған (берілмеген) тұлғалар арасынан сайланады.

3. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің мүшелері бола алмайды.
4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлана алмайды.
5. Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның мүддесі үшін әрекет етуге, мінсіз іскерлік мәртебеге ие болуға, Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасау үшін қажетті кәсіби біліктілікті, Қоғам қызметі саласында да, басшылық қызмет саласында да арнайы білімге ие болуға тиіс.
6. Директорлар кеңесінің кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.
7. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан жасырын дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен сайланады.

Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді;
- 2) Директорлар кеңесі мүшелерінің өз дағдылары мен білімдерін ұдайы арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің назарына Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде де, Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелері ретінде де өз міндеттерін орындауға қажетті Қоғамның қызметі мен қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты жеткізеді.
- 3) Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыруды және оның Қоғамның басқа органдарымен және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен өзара бірлесіп әрекет етулерін қамтамасыз етеді.
- 4) отырыс күн тәртібіндегі мәселелер бойынша неғұрлым тиімді шешімдерді әзірлеуді және қажет болған жағдайда осы мәселелерді еркін талқылауды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу үшін достық атмосфераны ұйымдастырады;
- 5) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратпен Басқарма арқылы Директорлар кеңесінің мүшелерін уақтылы қамтамасыз ету, Директорлар кеңесі мүшелерін осы мәселелер бойынша өз пікірлерін еркін білдіру және оларды ашық талқылауға ынталандыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды, қаралатын мәселелер бойынша шешімдердің жобаларын әзірлеу кезінде бастамашылықты өз мойнына алады.
8. Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісімге жатады.
9. Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде тәуелсіз директорлар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше жағдайлар көзделмесе, Директорлар кеңесінің құрамына шектеусіз рет қайта сайлана алады.
10. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер белгіленеді.
11. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай (осындай) мүшесінің (мүшелерінің) өкілеттігі Жалғыз акционер оның (олардың)

өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

12. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, аталған хабарламаны Директорлар кеңесі алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау мен бір немесе бірнеше мүшесінің өкілеттіктерін тоқтату туралы сырттай дауыс беру бойынша отырыстың күн тәртібінде шешім қабылдау Жарғының 17-бабының 5-тармағымен белгіленген кворум болған жағдайда және егер дауыс беруге қатысқан Директорлар кеңесі мүшелері дауыстарының жалпы санының көпшілік жай дауысымен осы шешімді қабылдауға дауыс берген жағдайда ғана қабылданады.

17-бап. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

1. Директорлар кеңесінің мүшесі АҚ туралы заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.
2. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, ішкі аудит қызметінің, Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның, Жалғыз акционердің өтініші бойынша шақырылады.
3. Директорлар кеңесі мүшелерінің отырысы немесе сырттай дауыс беруі туралы, материалдары қосымша тіркелген, жазбаша хабарлама Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс немесе мүшелердің сырттай дауыс беру күніне дейін үш күнтізбелік күннен кешіктірілмей жіберіледі, бұл жағдайларға, мәселелерді Директорлар кеңесінің тез қарауына ұсыну талап етілетін жағдайлар датпайды, бұл кезде, хабарлау және материалдарды ұсыну мерзімі қысқартылуы мүмкін. Директорлар кеңесінің тез қарауын талап ететін мәселелер бойынша материалдарды отырыс немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру күні, отырыс басталардан үш сағат бұрын жіберуге рұқсат етіледі.
Директорлар кеңесінің дереу қарауын талап ететін мәселелер Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның Басқармасының төрағасымен айқындайды.
4. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмау мүмкіндігі туралы Басқарманы алдын ала хабардар етуге міндетті.
5. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум бір тәуелсіз директорды қоса алғанда, Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрауы тиіс. Бұл ретте отырыс өткізілетін жерде болмаған Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі мүшесінің тұлғасын растайтын, оның жетімдемелері мен пікірлерін, сондай-ақ онымен қабылдаған шешімдерді сенімді қабылдауға мүмкіндік беретін бейне немесе телефон байланысы арқылы

Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген барлық мәселелерді талқылауға және олар бойынша дауыс беруге қатысуға құқы бар.

6. Директорлар кеңесі отырыс өтетін жерде болмаған Директорлар кеңесі мүшесінің қатысуымен шешімдер қабылдаған кезде Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында Директорлар кеңесінің осы мүшесінің мәселелерді талқылауда және олар бойынша шешім қабылдауда дауыс беруге бейне немесе телефон арқылы қатысқаны туралы белгі болуы тиіс.
7. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылдануы мүмкін.
8. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.

Жарғының 18-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен Басқарма төрағасын сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жағдайларын қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері отырыс барысында дауыс беруге қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен немесе сырттай дауыс беру бюллетеньдері бойынша дауыс беруге қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі төрағасының (сырттай дауыс беру кезінде) немесе Директорлар кеңесінің отырысында (мәжіліс кезінде) төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады. Директорлар кеңесі төрағасының қатысуынсыз өткен сырттай дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда шешім қабылданбаған болып есептеледі.

9. Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оның нысаны Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен айқындалады. Хаттамаға Директорлар кеңесінің төрағасы (отырысқа төрағалық еткен адам) және Директорлар кеңесінің хатшысының қолы қойылады.

10. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру және оның Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделмеген шешімдерді қабылдау тәртібі Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен реттелуі мүмкін.

18-бап. Директорлар кеңесінің құзыреті

1. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер кіреді:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын белгілеу;
- 2) Акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, жарияланған акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау; АҚ туралы заңмен қамтылған жағдайлардан бас жағдайларда;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

- 5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 6) Қоғамның облигацияларын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау;
- 8) Басқарма басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбекақы және ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне сыйлықақылар төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын айқындау;
- 11) Қаржылық есептіліктің аудитін жүргізген аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін анықтау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу және аукциондарды өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерімен) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;
- 15) акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметке қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау;
- 16) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызына тең сомаға ұлғайту;
- 17) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді анықтау;
- 18) Мәміле жасау туралы шешімді АҚ туралы заңнамаға сәйкес Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер мен Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 19) комплаенс-бақылаушыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ комплаенс-контроллердің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын айқындау;

- 20) АҚ Заңының 16-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда Қоғамның акцияларын немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;
 - 21) Қоғамның Жарғысын және Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдау;
 - 22) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
2. Басқарма төрағасын сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселелерді қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері осы Жарғының 17-бабының 8 тармағымен белгіленген тәртіппен қабылданады.

Қоғамның Басқарма төрағасын сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері қатысушылардың жалпы дауыс санының кемінде үштен екісі болған жағдайда көпшілік дауыспен қабылданады. Бұл ретте Қоғамның Басқарма төрағасының немесе тиісінше Басқарма төрағасының лауазымына сайлауға кандидат болып табылатын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі шешім қабылдауға қатыспайды.

3. Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Жалғыз акционер мен Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
4. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдау Басқармаға жүктелмейді.

19-бап. Директорлар кеңесінің комитеттері

1. Қоғамда маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.
2. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:
 - 1) стратегиялық жоспарлау;
 - 2) кадрлар мен мен сыйақы;
 - 3) ішкі аудит;
 - 4) әлеуметтік мәселелер;
 - 5) Директорлар кеңесінің комитеті (комитеттері) туралы ережеде көзделген өзге де мәселелер.

Осы тармақта көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

3. Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

20-бап. Басқарма

1. Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады, Қоғам атынан әрекет етеді, оның ішінде оның мүдделерін білдіреді, Жарғыда және АҚ туралы заңда белгіленген тәртіппен Қоғам атынан мәмілелер жасайды, шешімдер қабылдайды және Компанияның барлық қызметкерлері үшін міндетті нұсқаулар береді.
2. Басқарма мүшелігіне жеке тұлға ғана сайлана алады. Басқарма мүшесі Жалғыз акционер және (немесе) Директорлар кеңесі ұсынған (ұсынатын) тұлғалардың арасынан сайланады.
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тұлға Басқарма мүшесі лауазымына сайлана алмайды.
4. Қоғам Басқармасы Басқарма Төрағасынан және Қоғам Басқармасының басқа да мүшелерінен тұрады. Басқарманың сандық және жеке құрамын Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды. Басқарма мүшелерінің саны кемінде үш адам болуы керек.
5. Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісуге жатады.
6. Басқарма мүшелері Қоғамның мүддесі үшін әрекет етуге, мінсіз іскерлік мәртебеге, Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруға қажетті кәсіби біліктілікке, Қоғам қызметі саласында да, басқару саласында да арнайы білімге ие болуы тиіс.
7. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Басқарма мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Басқарма төрағасымен жасасқан еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе оған Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен еңбек шарттарын Қоғам атынан Басқарма төрағасы жасайды.

21-бап. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

1. Басқарма қажетіне қарай Басқарма төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға не оның мүшелерінің кемінде үштен бірінің талабы бойынша шақыртылады.
2. Басқарма мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысқан жағдайда, Басқарма отырысы заңды деп танылады. Басқарма отырыстарын Басқарма Төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға жүргізеді.
3. Басқарма отырысына енгізілген мәселелер бойынша шешімдер отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің жалпы дауыс санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
4. Басқарманың қарауына енгізілген мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

5. Сырттай дауыс беру кворумы Басқарма мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамын құрайды. Басқарманың шешімі сырттай дауыс беруге қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.
6. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Басқарма төрағасының (оның міндетін атқарушы тұлғаның) қатысуынсыз дауыстар тең болған жағдайда шешім қабылданған жоқ деп есептеледі..
7. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.
8. Басқарма отырысының хаттамасына осы отырысқа қатысқан басқарма мүшелері мен басқарма хатшысы қол қоюға тиіс. Сырттай дауыс беру кезінде хаттамаға Басқарма төрағасы (оның міндетін атқарушы тұлға) және Басқарма хатшысы қол қояды.
9. Басқарма хаттамасын ресімдеуді Басқарма хатшысы жүзеге асырады.
10. Басқарма мүшесі Басқарманың қабылдаған шешімімен келіспеген жағдайда, жазбаша түрде өз пікірін (ерекше пікірін) білдіруге құқылы. Басқарма хатшысы хаттамаға ерекше пікірдің бар екендігі туралы жазба енгізуге міндетті.
11. Басқарманың қызметін ұйымдастыру және оның Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделмеген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен реттелуі мүмкін.

22-бап. Басқарманың құзыреті

1. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, кез келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті.
2. Басқарма мынадай функцияларды жүзеге асырады:
 - 1) өз құзыретіне сәйкес ішкі құжаттар жобаларын әзірлеуді және оны Директорлар кеңесінің қарауына енгізуді қамтамасыз етеді;
 - 2) бекіту Қоғамның басқа органдарының құзыретіне кіретін құжаттарды қоспағанда, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарды бекітеді;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге қаржылық есептілікті ұсынады. Басқарма қаржылық есеп беруден басқа Жалғыз акционерге аудиторлық есеп береді;
 - 4) қабылдануы АҚ Заңымен және Жарғымен Жалғыз акционердің немесе Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған шешімдерді қоспағанда, жылжымайтын мүлікті сатып алу және иеліктен шығару туралы шешімдер қабылдайды;
 - 5) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес басқа да мәмілелер жасау мәселелерін шешеді;

- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшыларын тағайындау туралы шешім қабылдайды;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұжымдық шарттарды жасасу туралы шешімдерді қарайды және қабылдайды;
- 8) өз құзыреті шегінде Қоғамның штат кестесін, еңбек тәртібін, жаза қолдану және көтермелеу тәртібін реттейтін ішкі ережелерді бекітеді;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға қайшы келмейтін және Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған өзге де функцияларды орындайды.

3. Басқарма өз құзыретіне жататын мәселелерді қарайтын органдар құруға құқылы.

23-бап. Басқарма Төрағасы

1. Басқарма төрағасын Директорлар кеңесі сайлайды және Қоғам қызметіне күнделікті басшылықты жүзеге асырады.
2. Басқарма төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:
 - 1) Басқарма жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 4) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастар жасағанда Қоғамның құқықтарын ұсынуға сенімхаттар береді;
 - 5) Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің мүшелері болып табылатын қызметкерлерді, корпоративтік хатшыны және Директорлар кеңесіне есеп беретін бөлімшелердің және басқа да қызметкерлерін қоспағанда, Қоғамның қызметкерлерін, қабылдайды, басқа жерге ауыстырады және жұмыстан босатады (АҚ туралы заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және жеке еңбекақысына үстемеақыларды белгілейді, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақылардың мөлшерін айқындайды.
 - 6) Өзі жұмыста болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
 - 7) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік пен жауапкершілік аясын бөледі;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, оның ішінде Жарғыда, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалатын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

24-бап. Ішкі аудит қызметі

1. Ішкі аудит қызметі Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады.
2. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді
3. Ішкі аудит қызметінің қызметіне қатысты мәселелер Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады.
4. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен тікелей қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады және Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына сайлана алмайды, сондай-ақ Қоғамның басқа бөлімшелерінде жұмыс істей алмайды.
5. Ішкі аудит қызметі, өз қызметін отырыстарсыз жүзеге асыратын, Қоғамның тұрақты жұмыс істейтін органы болып табылады. Ішкі аудит қызметінің шешімдері Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүргізілген аудиттің негізінде қабылданады.

5-бөлім. Қоғамның қаржылық есептілігі мен аудиті. Қоғамның ақпараттарын ашу

25-бап. Қоғамның қаржылық (операциялық) жылы. Есеп пен есептілік

1. Қоғамның қаржылық (операциялық) жылы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.
2. Қоғам өз қызметінің есебін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүргізеді.

26-бап. Қоғамның аудиті

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ашықтығын кәсіпкерлік және растауды Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметі туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге уәкілетті аудиторлық ұйым жүзеге асырады.

27-бап. Қоғаммен ақпараттарды ашу. Қоғамның құжаттары

1. Қоғам эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысы кезеңінде депозитарийдің интернет-ресурсында қаржылық есептілік туралы ақпаратты БҚН туралы заңнамалармен, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен және мерзімде қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті, оның ішінде:
 - 1) Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты;
 - 2) Жыл қорытындысы бойынша Қоғам Басқармасы мүшелерінің сыйақысының жалпы мөлшері туралы мәліметтері;

- 3) Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтері;
 - 4) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлердің құрамы;
 - 5) әрбір осындай ұйымның акцияларының (үлестерінің, үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі ұйымдардың тізбесі;
 - 6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және Қоғамның аудиторлық есептері;
 - 7) Қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарына енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, оны шығару проспектісі;
 - 8) акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп;
 - 9) уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының күшін жоюы және (немесе) Қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарын өтеуі туралы мәліметтер.
2. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.
 3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жариялаудың (бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына жеткізудің) басқа мерзімдері көзделмесе, бұл ақпаратты Қоғам ол туындаған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ашады.
 4. Қоғамның ақпаратты ашу тәртібі, Қоғам ашуға жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ Қоғамның қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.
 5. Қоғам, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, өзінің www.halyklife.kz интернет-ресурсында және (немесе) басқа бұқаралық ақпарат құралдарында мүдделі тұлғаларға ақпаратты ашуға құқылы.
 6. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттар Қоғамда оның қызмет атқаруының бүкіл мерзімінде сақталуы тиіс. Сақтауға жататын құжаттардың тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.
 7. Қоғам Жалғыз акционердің талабы бойынша, Жарғыда белгіленген тәртіппен осы баптың 6-тармағында көзделген құжаттардың көшірмелерін береді.
Басқарма төрағасының немеселған уәкілеттілігі бар тұлғаның шешімі бойынша құпия сипаттағы және қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құжаттарды ұсыну шектелуі мүмкін.
 8. Осы баптың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды алу үшін Жалғыз акционер Басқарма төрағасының атына сұратылатын құжаттардың атауын көрсете отырып, жазбаша өтініш береді. Өтініш, егер АҚ туралы заңда өзгеше жағдайлар көзделмесе,

Қоғамға келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қаралуға жатады. Көрсетілген мерзім ішінде Қоғам Жалғыз акционерге берген өтінішті қарау нәтижелері туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

28-бап. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты ашу және аффилирленген тұлғалармен мәмілелер жасасу шарттары

1. Қоғамның Жалғыз акционері және оның лауазымды тұлғалары өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.
2. Жалғыз акционердің аффилирленген тұлғалары мен лауазымды тұлғалары туралы ақпаратты алу үшін Қоғам Жалғыз акционердің және лауазымды тұлғалардың мекенжайына ақпараттың тізбесін, ақпаратты ұсыну мерзімі мен нысанын көрсете отырып, тиісті жазбаша хабарлама жібереді.
3. Қоғамның аффилирленген тұлғалары Директорлар кеңесінің назарына мынадай ақпаратты жеткізуге міндетті:
 - 1) үш жұмыс күні ішінде олар мәміленің тарапы болып табылатынын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;
 - 2) өздері аффилирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде дербес немесе олармен аффилирленген тұлғалармен бірлесіп дауыс беретін акцияларының (үлестерінің, үлестерінің) он және одан да көп пайызына иелік ететін заңды тұлғалар туралы, сондай-ақ органдарында олар иелік ететін заңды тұлғалар туралы.
 - 3) өздері мүдделі тұлғалар деп танылуы мүмкін, өздеріне белгілі жүргізіліп жатқан немесе ұсынылатын мәмілелер туралы.

6-бөлім. Қоғамның қайтақұрылуы мен таратылуы

29-бап. Қоғамды қайтақұру

1. Қоғамды қайтақұру (қосу, біріктіру, бөлу, ажырату, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.
2. Қоғамды қайтақұру Жалғыз акционердің шешімі және уәкілетті органның ерікті қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсаты негізінде ғана мүмкін болады. Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесі енгізеді.
3. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
4. Егер Қоғам қайта ұйымдастырылып, өз қызметін тоқтатқан жағдайда, оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

30-бап. Қоғамды тарату

1. Қоғам таратылуы мүмкін:

- 1) уәкілетті органның рұқсатымен Жалғыз акционердің шешімі бойынша (ерікті тарату);
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша (мәжбүрлеп тарату).
2. Қоғам таратылған кезде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.
3. Қоғам бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне ол туралы мәліметтер енгізілгеннен кейін өз қызметін тоқтатқан болып саналады.

7-бөлім. Қорытынды ережелер

31-бап. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу

Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу Жалғыз акционердің шешімі негізінде енгізіледі.

32-бап. Жарғы ережелерінің әрекеті

1. Жарғының кез келген ережелері күшін жойса, бұл оның басқа ережелеріне әсер етпейді. Жарамсыз ереже тиісті қатынастарды реттейтін заңмен рұқсат етілген ережемен ауыстырылады.
2. Шешілу тәртібі Қоғамның Жарғысында және оның органдары мен лауазымды адамдарының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдерімен айқындалмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

 Мұхаммеджанов Жанар Әлиұлы

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ



Утвержден

Решением единственного акционера
АО "Халық-Life"

(протокол заочного заседания
Совета директоров

АО "Народный Банк Казахстана"
от "26" декабря 2022 года № 56)

УСТАВ
акционерного общества "Дочерняя компания
Народного Банка Казахстана по страхованию жизни "Халық-Life"

г. Алматы,

2022

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

Настоящий устав (далее – Устав) разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан, в том числе законами Республики Казахстан "Об акционерных обществах" (далее – закон об АО), "О страховой деятельности" (далее – закон о страховой деятельности), "О рынке ценных бумаг" (далее – закон о РЦБ), и определяет правовой статус акционерного общества "Дочерняя компания Народного Банка Казахстана по страхованию жизни "Халык-Life" (далее – Общество).

Глава 1. Общие положения

Статья 1. Наименования Общества

1. Полное наименование Общества:

1) на казахском языке:

"Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша "Халық-Life" еншілес компаниясы" акционерлік қоғамы;

2) на русском языке:

акционерное общество "Дочерняя компания Народного Банка Казахстана по страхованию жизни "Халык-Life";

3) на английском языке:

Joint Stock Company "Halyk-Life" life insurance subsidiary company of Halyk Bank of Kazakhstan".

2. Сокращенное наименование Общества:

1) на казахском языке: "Халық-Life" АҚ;

2) на русском языке: АО "Халык-Life";

3) на английском языке: JSC "Halyk-Life".

Статья 2. Место нахождения исполнительного органа Общества

Место нахождения исполнительного органа Общества (далее – Правление): Республика Казахстан, А05А1В9, город Алматы, Алмалинский район, проспект Абая, 109в.

Статья 3. Правовой статус Общества

1. Общество в своей деятельности руководствуется законодательством Республики Казахстан, Уставом, внутренними документами Общества, а также решениями органов и должностных лиц Общества, принятыми в установленном порядке в пределах их компетенции.

2. Правовой статус Общества определяется государственной регистрацией юридического лица в качестве страховой (перестраховочной) организации и наличием лицензии.

